

Еркін қойманың қызметін ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 3 қараша N 533-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 971. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~V011444

"Қазақстан Республикасындағы кеден қызметі туралы"

Z952368_

Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. Мыналар бекітілсін:

1) Еркін қойманың қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулық (1-қосымша);

2) Еркін айналымдағы тауарларды есепке алу кітабының нысаны

(2-қосымша).

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Г. Мұхамедиева) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Кедендік режимдер мен кедендік ресімдеуді бақылауды ұйымдастырудың Бас басқармасы (М. Байболов) осы бұйрықты іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. Баспасөз қызметі (Г. Исахан) осы бұйрықты жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары Б.Жұмабаевқа жүктелсін.

6. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі

Кеден комитетінің
1999 ж. 03.11. N 533-Б бұйрығына
1-қосымша

Еркін қойманың қызметін ұйымдастыру туралы
нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 71-бабына сәйкес еркін қойманың кедендік режимі дегеніміз - шетелдік тауарлар тиісті үй-жайларда кеден бажын, салықтарды алмастан және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан сақталатын, отандық тауарлар Заңда айқындалатын тәртіппен экспорттаудың кеден режиміне сәйкес әкетуге қолданылатын жағдайларда орналастырылатын және пайдаланылатын кеден режимі.

2. Еркін қоймаларда ұқсатуға арналған (спирттен басқа) тауарлар мен жабдықтарды орналастыруға рұқсат етіледі.

3. Еркін қойма - еркін қойманың кеден режиміне сәйкес онда тауарларды орналастыруға арналған арнайы қойма.

4. Еркін қоймалар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - Кеден комитеті) лицензиясын алғаннан кейін тағайындалады.

5. Заңның 3-бабына сәйкес еркін қоймалардың аумағы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады.

6. Еркін қойманың аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады.

7. Еркін қоймаларда уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын еркін қойма бөлігінде тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтайтын жағдайларды қоспағанда, тауарлар еркін қоймаларда шексіз мерзімдерде сақталуы мүмкін.

2. Еркін қоймаларды жайғастыру мен жабдықтауға және
иелеріне қойылатын талаптар

8. Еркін қоймаларды жайғастыру мен жабдықтауға қойылатын талаптар еркін қойманың кедендік тәртібіне қойылған тауарларды кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатындағы қажеттілік пен жеткіліктілік өлшемдеріне байланысты белгіленеді.

9. Еркін қойманы тағайындауға арналған үй-жай немесе орын өрт қауіпсіздігінің талаптарына, санитарлық-тұрмыстық және техникалық нормаларға сәйкес, сондай-ақ мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) жайғасуы мен жабдықталуы мыналарды:

кедендік бақылаудан басқа, еркін қоймадан тауарларды орналастыру және алып кету;

белгіленген рұқсат пункттерінен тысқары қойма аумағына бөгде адамдардың тауарларға еніп кету мүмкіндігін болдырмауды қамтиды;

2) аумақ бүкіл көлемі бойынша белгіленген және қоршалған болуы тиіс;

Қажет болған кезде кеден органдары еркін қойманы тағайындауға арналған үй-жайды немесе орынды қосарланып жабылатын, олардың біреуі қызметінің ауқымында дәл осындай үй-жай немесе орын бар кеден органының қарамағында болатын құрылғылармен жабдықтауды талап етуге құқықты.

3) еркін қойманың кеден режиміне орналастырылатын тауарларды кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында тиісті үй-жайлардың немесе орындардың иелеріне қажетті қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар, кеден органдарының қызметкерлеріне арналған жабдықтар мен байланыс құралдары берілуі тиіс.

10. Уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын еркін қойманың бөлігі уақытша сақтау орнына қойылатын міндетті талаптар туралы Кеден комитетінің бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы керек.

11. Еркін қоймалар олар жұмыс істейтін бүкіл мерзім бойында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

12. Еркін қоймалар иелерінің міндеттері Заңның 78-бабында айқындалған.

13. Кеден органы қойма иесінің талап-тілегі бойынша еркін қойманы тауарларға, еркін қойманың өткізу мүмкіндігіне және еркін қойманың жұмыс істеуіне қатысы бар басқа да факторларға байланысты пайдалану рәсімін келіседі

3. Тауарларды еркін қоймаларға орналастырған кезде
тауарларды кедендік ресімдеу

14. Тауарларды еркін қоймаға орналастыру уақытша сақтау рәсіміне сәйкес не жүк-кеден декларациясы негізінде жүргізілуі мүмкін.

15. Уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын еркін қойманың

оқшауланған бөлігінде тұрған тауарлар еркін қойманың кедендік режимінде кедендік ресімделгеннен кейін еркін қойманың басқа бөлігіне ауыстырылуға жатады.

16. Уақытша сақтау орындарында (еркін қоймадан басқа) уақытша сақтауда тұрған тауарларды еркін қоймаға орналастыру мақсатында ауыстыру тауарларды жеткізу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

17. Еркін қойма еркін қойманың кедендік режиміне қойылатын тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілетін орын болуы мүмкін.

18. Еркін қоймаға тауарларды әкелу немесе одан әкету кезінде қойманың иесі осы ниеті туралы кеден органының алдын ала құлақтандыруға міндетті. Құлақтандырудың нысаны мен оны берудің мерзімін кеден органы белгілейді.

4. Еркін қоймалардағы тауарлармен жүргізілетін операциялар

19. Еркін қоймаларда мынадай операциялар жүргізілуі мүмкін:

1) осы тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде:

тазарту;

желдету;

кептіру (оның ішінде жылу ағысын келтіре отырып);

сақтаудың оңтайлы температуралық режимін жасау (салқындату, тоңазыту, жылыту);

қорғаныш құндағына орналастыру;

қорғаныш мақсатында майлау және консерванттармен өңдеу;

таттан қорғау үшін сырлау;

алдын ала сақтандыру саңылауларын қалдыру;

коррозияларға қарсы жамылғылармен жабу;

2) тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөнінде:

топтарға бөлу;

жөнелтімдерді ресімдеу;

сорттау;

құндақтау;

қайта құндақтау;

маркілеу;

тиеу, түсіру, қайта тиеу;

жеткізе жинақтауға немесе жұмыс жағдайына келтіруге байланысты қарапайым операциялар;

тауарларды ұтымды орналастыру мақсатында қойманың шегінде ауыстыру;
тауарларды көрме алаңдарына орналастыру;
тестіден өткізу;
3) ұқсату жөніндегі операциялар:

әкелінген тауарлардың негізгі сипаттамалары сақталуға тиісті монтажды құрастыру мен қиыстыруды қоса алғанда, басқа тауарларды жасау (өңдеу);

ұқсастандыру ұқсатудың бірден бір шарты болып табылатын ұқсату өнімдерінде әкелінген тауарларды ұқсастандыруға мүмкіндік беретін сипаттамаларын өнімдерді ұқсату кезінде сақтай отырып өзінің жеке сипатын шетелдік тауарлар жоғалтатын, тауар өңдеудің түрі;

тауарларды жөндеу, оларды қалпына келтіруді қоса алғанда;

ұқсату тауарларын өндіруді жеңілдетуге, оларды толық және ішінара ұқсату процесі барысында пайдалануға арналған кейбір тауарларды пайдалану. Мұндай операция осы тармақшаның көрсетілген абзацтарының бірінде екінші болып орындалуы мүмкін.

Бүлінген мүліктерді монтаждау, бұзу, бүлдіру, алып тастау және/немесе жою;

4) өзге де операциялар, мыналарды:

тауарларды технологиялық жабдықтар және оларға қосалқы бөлшектер ретінде пайдалану;

тауарларды тиеу-түсіру техникасы, еркін қоймаларда пайдаланылатын өзге де техникалық құралдар ретінде пайдалану;

көрмелер ұйымдастыру.

20. Осы Нұсқаулықтың 19-тармағында көрсетілген еркін қоймаларда орналастырылған тауарлармен жүргізілетін операциялар мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) 1), 2) тармақшаларда көрсетілгендері - кедендік органды құлақтандыра отырып;

2) 3), 4) тармақшаларда көрсетілгендері - кеден органының рұқсаты

бойынша, мұндай рұқсаттың нысанын кеден органы белгілейді.

21. Осы Нұсқаулықтың 20-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген операциялар тоғыз таңбалы деңгейдегі сыртқы экономикалық қызметтің Тауарлық номенклатурасы бойынша сыныптау кодын өзгертуге байланысты, осы тауарлардың сипаттамаларын (сапаларын) өзгертуге тиісті емес.

22. Еркін қоймада орналасқан және кедендік бақылауға жататын тауарлардың Заңның 208-бабына сәйкес кеден органы ұқсастыруы мүмкін. Ұқсастырудың тәсілін қойма иесінің пікірін ескере отырып, кеден органы белгілейді.

5. Еркін қоймада сақтаулы тауарлар туралы есеп пен есептілік

23. Еркін қоймада сақтаулы тауарлар еркін қойманың кедендік режиміне сәйкес міндетті түрде есепке алынуға жатады.

24. Еркін қоймалардың иелері әкелінетін, сақталатын, жасалатын, ұқсатылатын, сатып алынатын, сатылатын және қоймадан әкетілетін тауарлар туралы есеп жүргізеді және кеден органдарына есеп беріп тұрады.

25. Еркін қоймалардағы тауарлармен болған кез келген өзгерістер есеп құжаттарында көрсетілуі тиіс.

26. Еркін қоймаларды сақтаулы тауарлардың есеп нысанын қойманың иесімен келісім бойынша кеден органы белгілейді. Бұл ретте есептеудің жүйесіне:

- 1) есеп кітабы;
- 2) кедендік есеп құжаты енгізіледі.

27. Есеп кітабы есептің басқа да жүйелеріне пайдаланылуына карамастан, белгіленген нысанда, оның ішінде автоматты түрде жүргізіледі. Кітапты жүргізудің тәртібін кедендік органдар айқындайды.

28. Есеп кітабындағы жазбалар мынадай тәртіппен:

1) орналастырылатын тауарлар туралы - еркін қоймаға тауарларды орналастыру сәтінде, бірақ тауарларды еркін қоймаға әкету сәтінен бастап бір тәуліктен кешіктірмей;

2) әкетілетін тауарлар туралы тауарларды еркін қоймалардан тікелей әкету кезінде енгізілуі тиіс.

29. Кеден органының келісімімен есеп кітабын онда барлық қажетті мәліметтер болатындай жағдайда белгіленген нысаннан өзгеше жүргізуге рұқсат етіледі.

30. Кеден органдары еркін қоймаларға орналастырылатын және қоймалардан әкетілетін тауарларға кедендік есеп құжатының нысанында есеп жүргізеді. Кедендік есеп құжаты ретінде жүк-кеден Декларациясы пайдаланылады.

31. Еркін қоймада сақтаулы, жасалатын және өңделетін тауарларды есепке

алу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу үшін қолданылатын құжаттар пайдаланылады. Мұндай құжаттарда: тауарлардың атаулары мен ұқсастырылған белгілер, олардың сапасы, тауарлар мен көлік құралдарының еркін қойманың шегінде қозғалуы туралы мәліметтер, еркін қоймада олармен болған кез келген өзге де өзгерістер көрсетілген жағдайда.

32. Еркін қоймада орналасқан тауарлардың есеп құжаттары кемінде бес жыл сақталады.

33. Еркін қоймаларды иеленушілер тапсыратын еркін қоймаларда

орналасқан тауарлар туралы есептердің нысаны мен кестесін қызмет аумағында осындай қоймалар орналасқан кеден органдары белгілейді. Бұл ретте есеп кеден органдарына үш айда кемінде бір рет беріліп отыруы керек.

34. Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары кедендік бақылаудың барлық нысандарын қолдан қолдануға, сондай-ақ белгіленген кестеден тыс есептердің берілуін талап етуге құқықты. Мұндай жағдайда есепті еркін қойманың иесі кеден органының бастығы жазбаша талап қойған күннен бастап жеті күннің ішінде беруі тиіс.

6. Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу үшін жауаптылық. Кеден бажын, салықтарын алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану

35. Кеден бажын, салықтарды алу және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану Заңның 79-бабына сәйкес жүргізіледі.

36. Кедендік төлемдер мен салықтардың төленуі үшін жауапкершілікті еркін қоймаға тауарларды орналастырған адам көтереді.

7. Еркін қойма иесінің еркін қоймаларға тауарларды орналастыратын адамдармен және кеден органдарымен өзара қатынасы

37. Еркін қоймалардың иелері мен еркін қоймаларға тауарларды орналастырушы адамдардың қатынасы Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

38. Еркін қоймалардың иелері кеден органдарымен еркін қоймалардың иелерімен кеден органдары бірлесіп бекіткен өзара қатынастың сызба-жобасы бойынша әрекет етеді.

8. Еркін қойманы тарату

39. Еркін қойманы тарату туралы талап Кеден комитеті бұйрығының нысанында қабылданады.

40. Еркін қойманы тарату туралы шешім қабылданған сәттен бастап еркін қоймада орналасқан барлық тауарлар уақытша қоймада сақтаулы және таңдап алынған кедендік режимге сәйкес кедендік ресімделуге жатады деп есептелінеді.

41. Еркін қойманы тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.